

**Стивен Фридманмен өтетін философиялық әңгімелер
16 қазан, сағат 11:00-де (Алматы уақытымен)**

Әр жұма сайын сағат 11: 00-де American Space Almaty беделді американдық философ, Стивен Фридманмен тақырыптық онлайн кездесулерді өткізеді. Әңгімелесу тақырыптары түрленіп, Қазақстандағы американдық бұрыштарының апталық тақырыбымен байланысты болады: Толығырақ кездесулерде қандай идеяларды, концепцияларды талқылайтынын түсіну үшін алдыңғы кездесулердің тақырыптарына шолу жасайық:

- Ядролық энергетика және ядролық өнертабыстар туралы философиялық сұрақтар;
- Өзін-өзі тәрбиелеу философиясы;
- Демократия логикасы және шешім қабылдау сипаттары;
- Мүмкіндіктер философиясы;
- Перспектива сипаты.

Келесі кездесудің тақырыбы - *Сингулярлықтың қадір-қасиеті: Үмітсіздікке қалай жауап беру?* Әңгіме барысында Стивен Фридман психикалық денсаулық тақырыбына философиялық көзқарас ұсынып, және де философияның психотерапиядағы рөлін талқылайды.

Спикер туралы:

Стивен Фридман - Гарвард университетінің философия мамандығының түлегі, Лос-Анджелес Калифорния университетінде молекулярлық биология саласында доктор дәрежесіне ие болды, содан кейін сол университеттің медицина мектебіне қабылданды. Стивен Фридман молекулалық биология мен медицинаға үлкен үлес қосты. Ол вирустарды құру және қатерлі ісікке қарсы химиотерапиялық агенттерді жаратылысындағы зерттеулерге қатысқан. Сонымен қатар, Фридманның таланттары оның айқын шығармашылық өнер бояуларынан көрініс алады. 1999 жылдан бастап оның суреттері Лос-Анджелестегі Bergamot Station



шығармашылық орталығындағы Роберт Берман галереясында ұсынылды. Стивен Фридман 200-ден астам философиялық еңбек, алты лирикалық жинақ, «*Парасат құмарлығы*» (1980) және де *Джошуа кітаптары* (2008) атты философиялық баяндау поэмаларын жазды.

Нью-Йорк театрларында өзінің философиялық шоуын ұсынғаны үшін New York Times Стивен Фридманды философия данышпаны деп атады.

Бұл онлайн-іс-шара барлық қызығушылық танытатын адамдарға тегін және ашық түрде өтеді. Тікелей эфир кезінде Стивен Фридманға қойғыңыз келетін сұрақтарды комментарийлерге жазуға болады, ол сессия соңында олардың бәріне жауап береді.

Жиналыстар Қазақстандағы американдық бұрыштардың әлеуметтік медиа платформалары және сонымен қатар YouTube арнасында ағылшын тілінде аудармасыз өтеді. Қосылуға арналған сілтемелер төменде келтірілген:

[Kazakhstan American Corners YouTube Channel](#)
[American Space Almaty/Makerspace Almaty Facebook](#)

Егер сізде сұрақтар туындаса, almaty@amcorners.kz электронды поштасына жазып, немесе +77474423595 телефоны арқылы хабарласыңыз.